e-mail: kostanaytany@mail.ru

www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

23 мамыр 2018 ж. сәрсенбі №58 (18706)

ТАБИҒАТ

Жағалауды тазалау жалғасады

Кенже ҚОНЫСБАЙ

Жыл сайын республикалық акция аясында өзен-көлдерді тазарту жұмыстары істеледі. Көктемгі тазалық шаралары Қостанай облысы аумағында қарқынды жүріп жатыр. Аталмыш акция мамыр айының басында басталып, 31-не дейін жалғаспақ. Оған облыс бойынша жергілікті әкімдіктер, су айдындарының пайдаланушылары, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері қатысып, жағалауларды тұрмыстық қалдықтан, қараусыз қалған аулардан тазартуда.

Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясының ұйымдастыруымен Қостанай ауданына қарасты Садовый ауылының аумағында тазалық жұмыстары өтті. Игі шараға ішкі істер департаменті, су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы, Қостанай облысы бойынша экология департаменті, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы және Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының қызметкерлері ат салысты.

2-бет.

Суретті түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Жоспар неге орындалмады?

Әлібек ЫБЫРАЙ

Облыс әкімдігінде өткен кезекті кеңейтілген аппарат кеңесінде 2017-2021 жылдары агро-өнеркәсіптік кешенді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру туралы мәселе талқыға түсті. Жағдайды баяндаған облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Дархан Әбдікәрімов есепті кезеңде жоспарланған төрт индикатордың үшеуі орындалғанын айтты. Тек, азық-түлік тауарларын көтерме бағамен сату көлемі 2015 жылғы көрсеткіш деңгейінде қалып қойған. Сондай-ақ, бағдарлама шеңберіндегі 45 көрсеткіштің отыз үші ғана нәтиже беріпті. Қалған он екісінде қозғалыс жоқ. Шағын және орта кәсіпкерлікті ауылшаруашылығы кооперативтеріне тарту арқылы ет өндірісін алға бастыру маңдымай тұр. Мәселен, 2035 тонна ет өндіру қажет болса, жоспар 15%-ке ғана орындалған, яғни, жыл бойына 300 тонна ет өндірілген. Дегенмен, мамандардың бұған айтар өз уәждері бар. Өткен жылы кооперативтер 6,3 мың қара мал сатып алды. Олар қазір семіртіліп жатқан көрінеді. Етке алғашқы жартыжылдықта тапсырылмақ.

Д.Әбдікәрімовтің айтуынша, отандық тауарлармен ішкі нарықты толық қамтамасыз етіп, экспорттық әлеуетті ұлғайтуға бағытталған 29 көрсеткіштің алтауы орындалмапты. Тағы да сандарды сөйлетейік. Өткен жылы 191 мың тонна картоп дайындау қажет болса, оның көлемі жыл аяғында 174,8 мың тоннаға ғана жеткен.

2-бет.

Баспасөз – 2018

«Қостанай таңы» — сенің газетің!

Оған 2018 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

«Қостанай таңы» газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

6 айға – 3200 теңге.

– жеке оқырмандарға:

6 айға – 2400 теңге.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

6 айға – 2250 теңге.

Қостанай, Арқалық, Рудный, Лисаков қалалары бойынша газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54613.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54614.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54615.

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін –54683.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54684.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54685.

«Қостанай таңы» газетіне «Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Костанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыздар.

Құрметті мәдениет және өнер қызметкерлері!

Кәсіби мерекелеріңіз – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке туған жеріміздің рухани дамуына және бай мәдени мұрамызды дәріптеуге зор үлес қосып жүрген жандарды біріктірген, шығармашылық адамдарына деген айрықша құрметтің белгісі, әрбір мәдениет қызметкері үшін ерекше күн.

Ал мәдениет қызметкерлері – айналасын думанға бөлей білетін сан қырлы талант иесі және жан дүниесі бай, нағыз өз ісінің майталман шебері ретінде өнерге берілген азаматтар.

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні – музей, кітапхана, театр, филармония, мәдениет үйлері қызметкерлерінің ғана емес, сонымен қатар сала ардагерлерінің, шығармашылық одақ қайраткерлерінің де мерекесі.

Өнер мен мәдениет – егіз ұғым, бұл бағыттағы әр қадам игілікті. "Рухани жаңғыру" Президенттік бағдарламасы шығармашылық қайраткерлерінің, мәдениет мекемелері қызметкерлерінің белсенді қатысуларының арқасында өңірімізде табысты жүзеге асырылуда.

Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттілік дегеніміз – бұл тек экономикалық даму, халықаралық бастамалар мен жобалар ғана емес, сонымен қатар бәсекеге қабілетті мәдениетті қалыптастыру, дербес мәдени жетістіктерге жету болып табылады.

Сіздердің еңбектеріңіз қашанда халықтың көз алдында, елді ұлттық мәдениеттің қайнарына сусындатып, ондағы ең асылды көре білесіздер, адамдарға мереке және көтеріңкі көңіл-күй сыйлайсыздар. Мейрамдар – Сіздер үшін дағдылы жұмыс күндері. Еңбексүйгіштіктеріңіздің және шығармашылықтарыңыздың арқасында өңіріміздің мәдениеті жылдан жылға көркейіп келеді.

Осы салада аянбай еңбек етіп, халықтың көңілінен шығып жүрген Сіздерге деген алғысымыз зор.

Ел мәдениетінің одан әрі гүлденуіне, өнеріміздің асқақтауына қызмет етіп, халқымызды шығармашылық табыстарыңызбен қуанта беріңіздер!

Қостанай облысының әкімі
А. Мұхамбетов.

Жоспар неге орындалмады?

1-бет

Мұның да өзіндік себептері бар болып шықты. Былтыр 10 мың гектар алқапқа картоп дақылын отырғызу көзделген, алайда, көкөніс бар болғаны 8,9 мың гектарға ғана егілді. Яғни, 1,1 мың гектары кем. Әсіресе, Қостанай және Қарабалық аудандарының ауылшаруашылық құрылымдары қаржы жетімсіздігінен егістік көлемін қысқартқан. Сондай-ақ, сыртқа көшіп кетушілердің салдарынан жекеменшіктің иелігіндегі 700 гектар алқап та тусырап қалды.

Бірақ, облыс тұрғындары картоптан қағажу көрген жоқ. Былтыр облыста 175 мың тонна картоп өндірілген. Гектар берекелілігі 196 центнерден айналды. Осылайша, тұрғындарға қажетті 62 мың тонна өнім толығымен өтелді.

Жалпы, облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы саланы дамытудағы негізгі көрсеткіштер мен кемшін тұстарды жанжақты саралап көрсетті. Ол былтырғы жылдың бедеріндегі кем-кетікті үстіміздегі жылы толтыруға уәде етті.

Өз кезегінде облыс әкімі Архимед Мұхамбетов жағдайға бұлай жүрдім-бардым қарауға болмайтындығын ескертті. Аудан, қала әкімдеріне басқа өңірлерге барып, ол жақтағы еңбекке жарамды азаматтарын облысқа шақыру қажеттігін айтты.

– Оңтүстіктің халқы, бақша өсірудің қыр-сырына қанық. Сондықтан, бұл жұмысты ұдайы жүргізіп отырған жөн, – деді ол.

Жағалауды тазалау жалғасады

1-бет

Тобыл өзенінің Садовый ауылындағы тұсы жаз айларында қостанайлықтардың жиі келіп демалатын орны болғандықтан, әбден ластанған. "Таза су айдындары" акциясы аясында өзен бойы мен жағалауда қыруар шаруа атқарылып, төрт тоннаға жуық қоқыс шығарылды және балық аулауға арналған 25 ау судан алынды.

– Бұл акция жыл сайын өтеді және жыл сайын көретін көрініс осы. Демалушылар қоршаған ортаға бейжай қарайды. Адам, біріншіден, өзін және айналасындағыларды сыйласа, қоқысты лақтырмас еді. Жақын жерде тұратындар ауласынан шыққан қоқысты да осында әкеліп төгеді. Бұдан табиғаттың зардап шегетіні анық. Сосын көбісі заңсыз балық аулап, ауларын қалдырып кетеді. Оған оралып қалған балықтар шіріп, өзен маңынан жағымсыз иіс шығады. Аталған факторлар адам денсаулығына зиянды. Сондықтан, Қостанай облысының тұрғындарына биыл жазда ондай қателіктер жасамайық дегім келеді, соңымыздан тазартып жүрейік, – дейді "орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" РММ балық шаруашылығы бөлімінің бас маманы Маржан Дандубаева.

БӘРЕКЕЛДІ!

Рудный институты – үздіктер қатарында

2018 жылдың 15 мамырында №88 (28717) "Казахстанская правда" газетінде Акредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) жыл сайын өткізетін ҚР сұранысқа ие жоғары оқу орындардың мамандарды бағыттар мен деңгей бойынша даярлаудағы 2018 жылғы ұлттық рейтингісі жарияланды.

АРТА ұлттық рейтингісіне қатысуға республиканың 75 ЖОО өтініш берді, алайда 17 білім беру ұйымы өтінішті дұрыс толтырмағаны үшін рейтингтен шеттетілді. ҚР 2018 жылғы жалпы рейтингісіне 58 ЖОО, оның 6 ұлттық, 21 мемлекеттік, 7 акционерлік және 24 жеке меншік білім беру ұйымдары кірді.

Білім беру бағдарламасын саралау рейтингісі 5 критерий бойынша өткізілді. Бірінші критерий білім беру ұйымдарын институтционалдық аккредиттеу және білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу туралы ақпарат болып табылады. Бағдарламаның бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіштері ретінде келесі төрт критерий анықталды: дарынды студенттер, оқытушылар және зерттеушілердің шоғырлануы; студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы; түлектердің бәсекеге қабілеттілігі; мамандық оқытушыларының, магистранттар мен докоранттардың ғылыми жарияланымдарының бәсекеге қабілеттілігі.

Саралау нәтижесі бойынша Рудный индустриялық институты Қазақстан Республикасының ТОП-20 ЖОО-дарының бас рейтингісінде 14-ші орынға ие болды.

Рудный индустриялық институты "Техникалық ғылымдар және технологиялар" бағытындағы мамандарды даярлау бойынша ЖОО-дың институционалдық рейтингісінің ондығына кірді.

Қазақстан Республикасы ЖОО-ның рейтингісінде бакалавриаттың (бағыттар бойынша) білім беру бағдарламалары бойынша Рудный индустриялық институтының 3 білім беру бағдарламасы үздік үштіктер қатарына енді.

Кәсіпкер әйелдерге қолдау

Жақында Медеу мейрамханасында кәсіпкер әйелдерге арналған семинар өтті. Шараны "Wecon" жобасы мен Европалық құру және дамыту банкі бірлесіп ұйымдастырды. Есте қаларлығы, шараға кәсіпкерлікте әжептеуір тәжірибесі бар әйелдер, инвестициялық компаниялар мен қорлардың өкілдері шақырылды.

Кәсіпкер-әйелдер бизнесті жүргізудегі өз тәжірибелерімен бөлісіп, қазіргі жетістіктеріне қалай жеткендіктері жайлы әңгімелеп берді. Конференцияның барлық спикерлері – барлығы да кәсіпкердің өзіне байланысты, өз күшіне, өз жобаңа сенімді болсаң, бастаған істі соңына дейін жеткізіп, жемісін жеуге болады деген ортақ ұйғарымға келді.

Жобаны ұйымдастырушылардың айтуынша, Европалық құру және дамыту банкі бір ғана кәсіпорынға 10 000 евро грант беруді ұсынады.

"Wecon" жобасын үйлестіруші Лейла Махмудова, шара қатысушыларымен бизнес жобаларды жүзеге асыру жолдарымен бөлісті.

Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ.

ДЕРЕК

Облыстағы құрылыс қызметі

2018 жылғы қаңтар-сәуірде құрылыс жұмыстарының орындалған көлемі, бағалау есебімен, 13395,9 млн теңгені немесе 2017 жылғы қаңтар-сәуірге 109,1% құрды.

Жалпы көлемнен 98,2% облыс бойынша құрылыс жұмыстарының айтарлықтай көлемі жеке құрылыс ұйымдарымен орындалған, мемлекеттік – 1%, шетел – 0,8%.

Құрылыстық жұмыстардың орындалған құрылымында 71,7% құрылыс-монтаж жұмыстары алады, 18,5% – күрделі жөндеу, 9,8% – ағымдағы жөндеу.

Тұрғын үй құрылысында орындалған құрылыс жұмыстарының нақты құны 1446,4 млн теңгені құрды немесе жалпы көлеміне 10,8%.

"Жолда қабылдау" акциясы

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Өңірдің жергілікті полицей қызметінің тәртіп сақшылары №21 орта мектептің оқушылары және "Нұр Отан" партиясы қалалық филиалы өкілдерімен бірлесіп "Жолда қабылдау" акциясын ұйымдастырды. Облыс орталығындағы "Қостанай" кинотеатрының тұсынан бастау алған шара барысында көлік жүргізушілері арнайы сауалнама сұрақтарына жауап берді.



Жол сақшыларының әдетте көліктерді құжаттар мен жүкті тексеру үшін тоқтататынына темір тұлпар мінген азаматтар да әбден үйреніп алған. Бірақ, бұл жолы инспектор хаттама толтырмай, азаматтардың жасырын сауалнамаға жауап беруін өтінді.

Жүргізушілерге қойылған сұрақтардың дені жергілікті полицейлердің жұмысына баға беріп, кейін олқылықтар болып жатса, оны жоюға бағытталған. Түрғындардың бұл пікіріне сүйеніп кейін әкімшілік полиция комитеті шешім қабылдамақ.

Жүргізуші Динара Кеңесбаева өзінің ұсынысын бірінші болып жеткізді:

– Мен Затобол кентінен Қостанайға қатынап жұмыс істеймін. Әсіресе, үлкен көпірде жол ережелері сақталмайды, соның ішінде кейбір қыз-келіншектер жол-көлік ережесін жиі бұзады. Осы маңайды тәртіп сақшыларының бақылауға алуын ұсынамын, – деді ол.

Осы тектес өтініштерді акцияға қатысқан "Нұр Отан" партиясының белсенділері түртіп алып отырды. Жүргізушілердің пікір-тілектері ескерусіз қалмайды.

– Негізгі мақсат тұрғындарға құқықтық көмек көрсету болып табылады және жүргізушілер жол қауіпсіздігі ережелерін сақтап, жол апаттарын болдырмау үшін жасап отырмыз,- дейді "Нұр Отан" партиясы жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңестің өкілі Сергей Колесниченко.

– Осы акцияны жылына екі рет өткіземіз. Шара аясында көлік жүргізушілерінің тарапынан ішкі істер қызметін одан әрі жақсарту бағытында түрлі ұсыныстар түсіп жатады, – дейді Қостанай қалалық ІІБ жергілікті полиция қызметінің қызметкері Елена Магасумова.

Ұйымдастырушылар әр тоқсан сайын өткізілетін осы тектес бірлескен алдын алу шаралары жолдағы келеңсіздіктерді азайтуға сеп болары сенімді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қыстың қамы – қазірден

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

"ССКӨБ" АҚ Жылуэлектр орталығында 2018-2019 жылу беру маусымына дайындық басталды. Биыл жөндеу мен жабдықтарды ауыстыруға 4 миллиард теңгеден артық қаражат бөлініп отыр.

Рудныйда биылғы жылу беру маусымы жақсы аяқталды. Қыс мерзімінде жабдықтардың жұмысында ақау болмады, температуралық кесте сақталып, жоспардан тыс тоқтап қалулар орын алған жоқ. Жылу беру аяқталмай тұрып-ақ бірлестіктің жылуэлектр орталығының қызметкерлері жабдықтарды жөндеуге кірісіп кетті.

– Алғашқы жөндеу жұмыстарын 20 наурызда бастадық. Жөндеулер №4 бу қазандығында, №5 су жылытқыш қазандықта, №1 бу турбинасында жүріп жатыр. Бұл жабдықтардың барлығы қаланы жылумен қамтамасыз етуге қатысады, – дейді "ССКӨБ" АҚ ЖЭО директоры Олег Әбілқайыров.

Жазғы айларда бес су жылытқыш қазандығы да қайта қалпына келтірілмек. Мұның барлығы қала мен Горняцк кентіне жылу мен ыстық су берудің сапасын арттыру үшін жасалынып отыр. Негізгі жабдықтардан бөлек ЖЭО ұжымы құбырларды да назардан тыс қалдырмайды.

Аталған жұмыстардың барлығы қала тұрғындарына еш жайсыздық тудырмайды. Гидравликалық сынақтар үшін ыстық суды уақытша тоқтату 2018 жылдың 14 мамырында және 22 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында жүргізіледі.

Келесі жылу беру маусымына дайындықпен бір мезгілде ЖЭО-да ұзақ мерзімді іс-шаралар жалғаса береді. Павлодар машина жасау зауытымен көмірді жинау үшін пайдаланылатын ауырлату кранын жасау жөнінде келісім шарт жасалған. Қысқы кезеңде станцияның үздіксіз қызметін қамтамасыз ететін осы жабдық арқылы орта есеппен 2,5 мың тонна көмір өтеді.

Орталықта №3 турбина цилиндрін әзірлеу бойынша да жұмыстар атқарылып жатыр. Ол Рудный мен өнеркәсіптік аумақты жылытуға арнаған. Жаңа бұйымды Қарағанды турбомеханикалық зауыты дайындап жатыр.

– ЖЭО-ны жылу беру маусымына дайындау мәселесіне жыл сайын ерекше көңіл бөлеміз. Соңғы жылдары орталықта көп жаңарулар орын алды және мұның барлығы қаланы жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етуді жақсарта түсті. Біз өз тұтынушыларымызға тек сапалы қызмет көрсетуге тырысамыз. Сондықтан Рудный үшін әлеуметтік маңызы зор нысанды жаңғыртуға қомақты қаражат бөлудеміз, – дейді "ССКӨБ" АҚ президенті Береке Мұхаметқалиев.

КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ

Қостанайда қоқыс көліктері де шығарылады

Әлібек ЫБЫРАЙ

"Аллюр" Компаниясы" тобы Қостанайдағы "СарыарқаАвтоПром" ЖШС-нің базасында қатты тұрмыстық қалдықтар мен өнеркәсіптік қалдықтар жинап, тасымалдайтын көлік шығаруды қолға алды.

Бүгінгі таңда компания JAC шассиінің базасында N сериясымен (изотермикалық, өндірісті-тауарлы фургондар, қорапты жүк көліктері) коммерциялық техниканың 9 түрін шығарып жатыр. Сондай-ақ, Iveco 682 базасында тағы үш нұсқасы құрастырылуда. Бұл көліктер коммуналдық қызметтің мұқтажын өтеуге арналған. Өткен жылы дәл осындай 96 коммерциялық көлік шығарылған.

Жалпы, "СарыарқаАвтоПром" ЖШС жыл сайын өндірісті жаңғыртып, көлік құрастыру көлемін ұлғайтып келеді. Өткен жылы тұтынушылардың сұранысымен тұрмыстық қалдықтар жинауға арналған екі сынамалы көлік шығарылған. Оның біреуі "Таза әлем-Астана" ЖШС-іне берілгенді. Ол коммуналдық қызмет жүйесіне пайда әкелетіндігін дәлелдеп шықты. Заманауи көліктердің қосалқы бөлшектері Еуропадан, Түркия мен Ресейден әкелінген. Мұндағы отандық үлестің салмағы 35%-ке тең.

Қалдық тасымалдайтын көліктердің артықшылығы сол, оған қалыңдығы 6-8 мм болатын HARDOX маркалы жоғары сапалы шойын пайдаланылған. Тағы бір ерекшелігі, контейнерлер өздігінен жуылады. Ол үшін техникаға су толтырылған бак орналастырады. Көлік қалдықтарды түсірген соң, бос контейнер қоқыс қалдықтарынан тазартылады.

– Баламалы технологияны қолдану арқылы өндіріске жол тартқан көліктер жеті жылдан бері Ресей Федерациясында сынақтан өткізілді және жақсы сапаға ие. Нақты бағытта сынақтан өткізілген көліктер көрсеткендей, шағын автокөліктердің өзінде барлық функциялар атқарылады, – дейді "Allur Auto Astana" ЖШС сату бөлімінің бастығы Александр Цой.

Қоқыс тасымалдайтын көлік өндірісі жекеменшіктердің де тапсырысын орындайды. Мәселен, қалалық жердегі кейбір коммуналдық шаруашылықтар арнайы техниканы сатып алуға мүдделі. Оның бағасы 20 млн теңгеден басталады. Жақын арада көліктерді ТМД елдеріне сатуға шығару жоспарланып отыр. Айтпақшы, әмбебап көліктерді жеңілдетілген лизинг бағдарламасы арқылы да алуға әбден болады.

ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

"Кемел кәсіпкер"

М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінде республикалық "Кемел кәсіпкер" жарысы аясында бизнес-кейстерді шешу бойынша іскерлік ойын өтті. Чемпионаттың басты ұйымдастырушылары студенттік ортада жастар кәсіпкерлігінің экожүйесін құру жобасы төңірегінде жұмыс жүргізіп жатқан Еуразиялық Топ холдингі, "Атамекен" ҚР Ұлттық кәсіпкерлер Палатасы және Алматы менеджмент университетінің (AlmaU) Кәсіпкерлік пен инновацияларды дамыту орталығы.

Кемел кәсіпкер" атты бизнес-кейстерді шешу чемпионаты қатысушылары өздерінің білімдерін, аналитикалық және шығармашылық дағдыларын пайдалана отырып, нақты бизнес-іс шешімдерді шешу үшін ықтимал жолдарын ұсынатын бірнеше іскерлік ойындар және кәсіпкерлікті дамытатын викторина болып табылады. Іскерлік ойынға қатысу топпен бірігіп жұмыс істеу және жобаларды ұсыну дағдыларын дамытуға көмектеседі; бизнесті жүргізуге қабілеті жоғары, белсенді және дарынды жастарды анықтайды; елдің экономикалық және әлеуметтік прогресстің маңызды факторы ретінде, жастар кәсіпкерлігінің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.

"Кемел кәсіпкер" бизнес-кейс чемпионаты барысында жас кәсіпкерлерді іскерлікке баулитын тапсырмалар берілді. Берілген тапсырмаларды шешу үшін студенттер 4-5 адамнан топтасты. Топ мүшелеріне бизнес-кейс шешімін таныстыру үшін Power Point бағдарламасын қолдануға, жылдамырақ әрі ыңғайлы болу үшін қатысушыларға ноутбукпен және т.б. техникалық құрылғылармен жұмыс істеуге рұқсат етілді. Топтар кезекпен "elevator pitch" (5 минут) форматында өз шешімдерін әділ-қазылар алқасына таныстырды.

Сайыскерлердің еңбегін "Атамекен" ҚР Ұлттық кәсіпкерлер Палатасының бизнес-тренері Руслан Есжанов, "Еуразиялық топ" ЖШС-нің ресми өкілі Гүл-мира Матхаликова, ҚИнЭУ ғылым жөніндегі проректоры Есімжан Баймақанов және "Даму" қорының РФ клиенттерімен жұмыс бойынша бас менеджері Елена Матвеева бағалады.

ҚИнЭУ-ден чемпионатқа15 команда қатысты. Сайыс қорытындысы бойынша университетіміздің "Ақпараттық технология және автоматика" кафедрасының және "Экономика және менеджмент" кафедрасының студенттерінен құралған "ҚИнЭУ старс" командасы жеңімпаз атанып, "Summer boot camp" лагеріне баратын жолдаманы ұтып алды. Бұл лагерьде студенттер 10 күн бойы отандық бизнес-тренерлерден дәріс алып, өз идеяларын өмірге енгізуге мүмкіндік беретін бизнес-жобалар жасамақ.

– Біз бұл жарыста өзіміздің мамандығымызға байланысты білімімізді әрі кәсіпкерлік қабілетімізді сынап көрдік. Ұйымдастырушылар ұсынған бизнес-кейстегі барлық тапсырмаларды толықтай орындай отырып, әртүрлі техникалық мамандық бойынша білім алатын жастардың да өздерін кәсіпкерлікте сынап көруге болатынына көз жеткіздік. Лагерьде де кәсіпкерлікке қатысты алған білімімізді тереңдетеміз деген үмітім зор, – деді жеңімпаз команда мүшесі Дәмір Мінайдаров.

ҚОСТАНАЙ ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙЛЫҚТАР

Коммуналдық қызмет уақытша тоқтатылмақ

Алдағы күндері Қостанай қаласының кей көшелеріне ауыз су беру уақытша тоқтатылады. Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлайды.

Тәуелсіздік, Баймағамбетов көшелері мен Үлкен көпір аралығындағы жүргізілетін қайта жаңғырту жұмыстарына байланысты, 23 мамыр сағат 01:00-ге дейін мына мекенжайларда ауыз су берілуі тоқтатылатын болады:

– Баймағамбетов көшесі, 158, 160, 162, 164, 168, 170, 187, 189;

– Гоголь көшесіндегі 78 және 80;

– Байтұрсынов көшесі, 45, 55, 57;

– Толстой көшесі, 72;

– Әл-Фараби даңғылы,74, 91, 93, 95, 97;

– Пушкин және Победа көшелері аралығындағы жеке тұрғын-үйлер де ауыз судан уақытша ағытылатын болады. Сонымен қатар, төмендегі әлеуметтік нысандар да ауыз су берілуден уақытша ажыратылады:

– А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ

– Орыс драма театры

– Балалар тіс емханасы

– № 100 дәріхана

– "Целинная" қонақ үйі

– Облыстық ІІД ғимараты

– Баймағамбетов, Гоголь және Победа көшелері аралығындағы шатханалар.

"ҚазТрансГазАймақ" АҚ Қостанай өндірістік филиалының хабарлауынша, оқыс жағдайлардың алдын-алу бойынша жүргізілетін жұмыстарға байланысты, ағымдағы жылдың 21-25 мамыры аралығында Қостанай-2, Солтүстік-Батыс және Алтын Арман аудандарының барлық тұтынушыларына көгілдір отын беру тоқтатылмақ. Бұған қоса "Элитный" шағын ауданы мен Гагарин көшесіндегі №07, 209, 211, 213, 215, 223, 227, 225, 229, 231 үйлерге де көгілдір отын уақытша берілмейді. Аталған аудандарды көгілдір отынмен қамтамасыз ету жүйесінің қайта қосылуы, жоспарланған жұмыстардың аяқталуына байланысты кезең-кезеңмен іске асырылады.

"ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ Қостанай өндірістік филиалы келтірілген ыңғайсыздықтар үшін кешірім сұрайды.

Шаһар шырайын келтірген

Облыс орталығындағы "Тазалық-2012" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – қаладағы тазалық мәселесімен айналысатын ірі мекемелердің бірі. Қысы-жазы тыным таппайтын мекемеде 89 арнайы техника бар. Олардың 49-ы – жүк көліктері. Сондай-ақ, мұнда 263-ден астам қызметкер жұмыс істейді.

Қазіргі таңда қаламызда бұл кәсіпорынмен мемлекеттік мекемелердің 30%-ы және жеке тұрғын үйлердің 80%-ы келісім-шарт жасасқан. Олардың негізгі мақсаты – қала тазалығын сақтау. Шаһар тіршілігінің шырайын келтіріп отырған ұжым қатты тұрмыстық, құрылыс қалдықтарын тасымалдау, өңдеу, сақтау, қала сыртындағы полигондардың жұмысын реттеу, бағдаршам қызметін қадағалау, қаланы абаттандыру, тұрғылықты жердің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету секілді міндеттерді өзіне жүктейді.

Қостанай қаласының әкімдігінде қаланы санитарлық тазарту және абаттандыру мәселесіне қатысты үлкен мәжіліс өткен болатын. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов төрағалық еткен жиында бірнеше мәселелер қаралып, облыстық департаменттер мен басқармалардың басшылары, қала әкімінің орынбасарлары, қалалық мемлекеттік мекемелердің, құқық қорғау органдары және басқа облыс орталығы ұйымдарының басшылары қала тазалығына қатысты тапсырмалар алды.

– Шағын аудандардағы жеке секторларды айтпағанның өзінде кейбір мекемелердің айналасындағы күл-қоқыс қала тазалығының басты жауы болып тұр. Тіпті, кейбір пәтер иелері үйінің маңындағы қалдықтарды қоқыс жәшігіне салу үшін селқостық танытады. Содан келіп, қоқыс уақытында тасымалданбайды деген сылтау айтады. Рас, техника болғасын, кейде істен шығып қалатын кездері бар. Бірақ, мұндай жағдайда біздің мамандар қолдан келген шараларды жасап, қоқыстың уақытында тасымалдануын басты назарда ұстайды, – дейді жоғарыда аталған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің директоры Александр Кушнир.

Жалпы санитарлық тазалықпен айналысатын қызметкерлердің қай-қайсысы да өз істеріне жауапкершілікпен қарайды. Әсіресе, таңнан тұрып қас қарайғанға дейін еңбек ететін бұл саланың мамандарының жұмыстары өзгелерге өнеге.

Аты аталған мекемеде жол бөліміне жауапты жұмыс жүктелген. Олардың қызметі – жазда көшелерді ағын сулардан, лас-қоқыстан, қыста және көктем айларында қардан тазартады. Мұнда әзірге 3 автогрейдер, 4 су бүркетін машина, тазалағышы бар МТЗ тракторлары және басқа да техникалар ортақ іске тартылады. "Тазалық 2012" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арқылы жекеменшік үйлердің тұрғындарымен санитарлық тазалықты сақтауға орай түсінік жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, қала сыртындағы күл-қоқыс полигонының жұмысы да осы мекемеге қарайды. Бұл полигондардың бұрынан қалыптасқан тәртібі бар. Онда қабылданатын және қабылданбайтын заттардың тізімі жасалған. Қызмет көрсететін техникалар жөнінде ақпараттық бұрыш та құрылған. Серіктестік директорының айтуынша, мұның бәрі қала тұрғындарына түсінікті болсын деген мақсатта қолға алынған.

"Тазалық-2012" 6 жыл бұрын қоқыс шығару құнын бірқалыпты ұстап келді. Дегенмен, қазір көпқабатты үйлерге – 224,37 теңге болса, жеке тұрғын үйлерге тариф құны – 266,89 теңге.

Жағажайлар қызметке дайын

Облыста суға шомылу маусымына дайындық жұмыстары басталды. Бұл күндері жағажайларды жарақтандыру, құтқару бекеттерін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету шаралары қолға алынған. Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Талғат Кәкімовтің айтуынша, суға түсуге әлі ерте. Жағажайларды жарақтандыру, құтқарушылардың керек-жарағын түгендеп шығу – күн тәртібіндегі басты мәселе.

Талғат Кәкімовтің айтуынша, облыста биыл тағы қосымша 6 құтқару бекеті ашылады. Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері болса, әдеттегідей күшейтілген кестеде жұмыс істеуге көшеді. Рейд шаралары өткізіліп, мектептерде "Қауіпсіз демалыс" жобасы қолға алынады.

Қауіпсіздік шараларына құтқарушылардан бөлек, жергілікті полиция, білім басқармасы және мәдениет басқармасы да жұмыла кіріспек.

Айта кету керек, қалада шомылуға рұқсат етілген

3 орын бар. Олар: Қостанай қаласының орталық жағажайы және 2 жеке меншік демалыс орны. Бұл нысандастықтардың маңында, КЖБИ ауданында орнатылды.

дар арнайы құтқару жабдықтарымен қамтылған. Олар қазіргі уақытта қызмет көрсетуге дайын. Ал, төтенше жағдайлар жөніндегі департамент қызметкерлері таныс емес жерлердегі өзен-көлдерде шомылу қауіпті екенін естен шығармауды тағы ескертеді.

Ережелерді елемей, талаптарды ескермегендерге енді әкімшілік айыппұл салынады. Мұндай қадамға барудағы себепті құтқарушылар бақытсыз жағдайлардың жиі тіркелуімен түсіндіреді. Облыс орталығында бүгінгі күнде Гагарин бөгеті ауданында тыйым салатын белгі қойылды. Сол сияқты жағажай маңында және "Геолог" пен "Дорожник" саяжай қоғам-

Бетті дайындаған Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.
koishymanovkt@gmail.com
Суреттер газет мұрағатынан және ғаламтордан алынды.

АЙМАҚ

Егіннің жайын еккен білер

Кенже ҚОНЫСБАЙ

Дәл қазір диқаншылар жұмысының қызған шағы. Биыл Арқалық шаруалары астықтың түр-түрін көрмек. Бұны аңғару да қиын емес. Егіс алқабының көз жетпес қиырында қаз-қатар тізіліп жер жыртып жүрген дала кемелері осының айғағы.

Ал, мұндағы жалпы дала жұмыстары туралы нақты сандарға қанық болу үшін Арқалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Байтемір Исмайлов ұсынған ақпараттарға сүйенейік.

– Меморандумға сәйкес биыл Арқалықтағы көктемгі егіс алаңы – 280 461 га. Дәнді дақылдар көлемі – 263 730 га. Оның ішінде: бидай – 241 000 га, арпа – 14 100 га, жасымық – 5 830 га, сұлы – 1 100 га т.б. Ал, майлы дақылдар көлемі меморандум бойынша 8 000 га. Биыл 200 га күнбағыс, 20 га қыша, 2 400 га сафлор, 1 500 зығыр егу жоспарда бар. 8600 гектарға жемдік дақылдар себілмек. Оның ішінде біржылдық 7500 га және көпжылдық 1100 га. Бұдан бөлек, картоп 105 га. Жалпы көкөніс бақшасы 26 000 га. Қазір көктемгі ылғалды жабу және алдын ала өңдеу жұмыстары аяқталды. Оның ішінде техникалық және химиялық өңдеу жұмыстары да бар.

13 мамыр күні бидай егуді бастадық. Жоспар бойынша күніне 19 400 га жерге дән сеуіп үлгеру керек. Облыс әкімімен өткен селекторлық жиында бірқатар тапсырма берілді. Ауа райы қолайлы уақытта жұмысты еңсеріп тастау қажет, өйткені мамырдың 25 күні жаңбыр басталуы мүмкін. Мәселелен, «Аліби-Сенім» ЖШС 5 830 гектарға қыша өсірмек. Қазірдің өзінде 2 000 гектарға жуық жерге дән сеуіп үлгерді. Табиғат тосын мінез көрсетпесе, биыл астық мол болады деген ниеттеміз, – дейді Байтемір Кенжеғалиұлы.

Арқалықта саланы цифрландыру мәселесі де шешімін тауып келеді. Мұнда алқаптардың электронды картасы бар. Әзірге тек жартысын ғана түсіріп үлгерген. Өйткені, шаруалар дала жұмыстарымен әлек.

– «Аліби-Сенім», «Возрождение» сатып алған жаңа техникалардың бәрінде GPS құрылғысы орнатылған, енді ескілеріне орнатып жатыр. Бұлар қазір қанатқақты жоба ретінде қарастырылып отыр. Цифрландыру арқылы техниканың қай маңда жүргенін және жай-күйін білуге болады, сонымен қатар жанар-жағармайды үнемдейді. Түнгі уақыттарда да жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл енді индустриализация картасынан тыс жоба, – дейді бөлім басшысы.

Ата кәсіпті нәсіп қылғандардың да асығы алшысынан түсіп тұр. Ағымдағы жылы ашылатын ет комбинатымен қоса, мал бордақылау алаңы іске қосылмақ.

– Ірі қара ұстағандардың жұмысы қарқынды. Қазір 4700 аналық мал басы бар, барлығы 9000 бас. Қарабалықтағы «Терра» шаруашылығынан 47 бұқаны жалға алған едік. Тек Ақмола облысындағы Новоишим ауылындағы шаруа қожалығынан бір бұқа әкелдік. Алдағы уақытта сол «Терradан» тағы да 47 бұқа алу ойда бар, келісім-шарт жасасып жатырмыз. Жалға алатын себебіміз, үлкен шаруашылықтардан бөлек, ауыл арасында жекенің де малы бар.

Енді үш-төрт айдан соң ет комбинаты іске қосылады. Іске асыра алсақ, жергілікті бюджетке әжептәуір қаржы құйылып, Арқалықтың экономикасы жақсармақ. Сондықтан, қыруар жұмысты еңсеріп отырмыз. Сонымен қатар, іргедегі аудандарға тиімді болмақ.

Мал ұстайтын кез келген адам өз өнімін комбинатқа әкеліп өткізе алады. Қазір бүкіл ауылдарға алдын ала хабарлап жатырмыз. Ақмола, Қарағанды облысының жақын жатқан аудандарына хабар жібердік. Өйткені, ашылған кезде мал дайын тұру керек.

Жақында қала әкімі бастаған делегация Қарабалықтағы «Терра» шаруа қожалығындағы бордақылау алаңына барып, тәжірибе алмасып қайттық. Біз енді мал бордақылауды қолға алмақшымыз. Комбинат іске қосылғасын тұрақты мал бордақылау алаңы керек. Себебі, ол күн сайын шамамен 10 тонна өнім шығарады. Сұранысты игере білу керек, – дейді Байтемір Кенжеғалиұлы.

Оңтүстіктен қоныс аударған азаматтар аз да болса үй шаруашылығына үлес қоспақ екен. Биыл Арқалыққа төрт отбасы келіпті. Қазір бой үйретіп жатқан жайы бар, бірақ жергілікті билікке алдағы уақытта бау-бақша егуге ниетті екендіктерін жеткізген. Ал олар өз кезектерінде қолдау білдіруге дайын.

– Үй шаруашылығы да маңызды болып отыр. Ішкі нарықта оған да сұраныс бар. Бау-бақша егеміз дегендер болса, шағын несие алып, еңбек етсе болады. Оңтүстіктен келген азаматтар қазір бұл мәселені қарап жатыр, алдағы уақытта жеміс береді деп үміттеміз. Ал негізінен өңірде ауыл шаруашылығына көрсетілетін көмек жақсы. Мемлекеттік бағдарламалардың арқасында кәсіп бастағандар аз емес. Ол тек ауыл шаруашылығына бағытталған бағдарлама болуы міндетті емес. Кез келген жоба арқылы несие алып, кейін мал сатып алғандар бар. Олар субсидия алып, шаруашылықтың шырайын келтіріп отыр, – дейді.

Арқалықтың алқабындағы жұмыс осындай. Биыл астық мол болады деп жориды кәнігі диқандар. Дегенмен, астық экспорты ақсап тұр.

– Ел ішінде ғана сатамыз, сырттан сұраныс жоқ. Мәселе сапада емес, санда болып тұр. Көрші жатқан облыстардың бәрі бидай егеді. Әйтпесе, ішкі нарықты тұтастай қамтып отырмыз. Ал малымызды көрші елдерден келіп те алады. Қызылорда, Оңтүстік Қазақстаннан жыл сайын адамдар келіп, бағасын шаруалардың өздерімен келісіп сатып алып жатады. Республика бойынша осы Арқалықтың және Аманкелді мен Жанкелдин ауданының малы жақсы бағаланады. Сондықтан, комбинат ашылса еліміздің түкпір-түкпірінен сатып алушылар келетініне сенімдімін, – дейді Б.Исмайлов.

ЖАҒДАЯТ

Дала өртіне сақтық қажет

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Өткен жылы Арқалық аймағында 30 дала өрті тіркелді, яғни алдыңғы жылмен салыстырғанда 68,3% -ға өскен. Өрт ошақтары: Аққошқар ауылында – 8, Жалғызтал – 4, Ақтас – 4, Көктау – 3, Жаңақала – 2, Екідің – 2, Қайынды ауылдық округы – 2, Ашутасты – 1, Восточный – 1, Аңғар – 1, «Арқалық - Жезқазған» автомобиль жолында – 1 өрт есепке алынды.

Өңірде дала өртінің алдын алу және сақтық шараларын жүргізу үшін биылғы жылы жергілікті бюджеттен 245000 (2017 жылы 229,000) теңге бөлінді.

Тиісті сала өкілдері апаттың алдын алу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда. Родина ауылында, «Новый», «Северный», «Западный» ықшам аудандарында 4 бірлескен рейд өткізілді. Онда өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау жайлы ескертпелер жасалды.

Рейд барысында өрт қауіпсіздігін ескерусіз қалдырып, бейберекет қоқыс жаққан 2 жеке тұлғаға әкімшілік хаттама толтырылды.

– Өрт қаупі бар кезеңнің басталуымен облыстық төтенше жағдайлар департаменті өрт пен өртті ертерек анықтауға мүмкіндік беретін облыс аумағының ғарыштық мониторингісін («Geosat» ЖШС-мен 2018 жылғы 8 қаңтардағы №1 келісім-шарт) үнемі жүргізіп отырады. «Geosat» ЖШС аймақтың аумағында температура ауытқуларын бейнелейді. Сондай-ақ, жеке түсірілімдер арқылы жануы ықтимал жерлер мен координаттары бар нүктелерді көрсетеді.

Барлық ауылдық әкімдікте, елді мекендерде ерікті өрт жасағы ұйымдастырылды. Бүгінгі күні, қала және қала аймағындағы ауылдық жерлерде 24 ерікті өрт сөндіру жасағы құрылды, оның 6-ы шаруашылық нысандарында, 18-і ауылдық мекендерде. Ерікті өрт жасағының жеке құрамы 347 адамды құрайды, 3 өрт сөндіру көлігі (Ашутасты, Восточный, Фурманов), 58 – бейімделген техника, 28 – соқалы трактор, 4 – қолмен бүріккіш, басқа да құрал-жабдықтар.

Ауыл әкімдерімен шаруашылық нысандарында дала өрті бола қалған жағдайда оны дереу сөндіруге байланысты келісімге қол қойылған, – дейді қалалық төтенше жағдайлар басқармасының басшысы, қорғаныс майоры Жасұлан Әбдірахманов.

Жол үстіндегі қабылдау

«Нұр Отан» партиясы және Арқалық қаласы ІІМ әкімшілік полициясының ұйымдастыруымен кезекті «Жолда қабылдау» акциясы өтті.

Акция барысында азаматтарға құқықтық және кеңестік көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар кешені түсіндіріліп, арнайы сауалнама жүргізілді.

Әкімшілік полиция қызметі, «Нұр Отан» партиясы, мемлекеттік құрылымдар басшылары азаматтарды қабылдау барысында сұрақтарына жауап берді.

Арқалық қаласы.

20 АСТАНА

8-жұп – Сералы мен Еркінғазы

"Ел мерейі – Астана" облыстық жазба айтысының алғашқы айналымы мәреге таяды. Бүгін соңғы жұп өлең сайысына түскелі отыр. Олар – келешегінен үміт күттіретін жас ақындар Сералы Мырзабай мен Еркінғазы Айтбаев. Сералы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқиды. Ал оның қарсыласы Еркінғазы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында филолог мамандығы бойынша білім алуда. Ендеше, қос үміткердің сөз саптауы мен ой баптауына баға беріп көрейік.

Айта кетейік, осының алдындағы Нұрқанат Құлабаев пен Абылай Мауденовтың айтысына әділқазылар тең ұпай берді. Екі ақын да алдағы сында өнер көрсету мүмкіндігін иеленіп отыр. Ал бұл жүйріктердің қатарына бүгінгі айтыскерлердің қайсысы қосылар екен?

Еркінғазы Айтбаев:

"Жаратқан қабыл етсін тілектерді,
Қыраның қияларға түлеп көрді.
Біздің де алдымызда талай ақын,
Жазба айтыстың сынағын шын өткерді.
Жалғауға ақындардың керуенін,
Еркін мен Сералыдай түлек келді.
Ассалаумағалейкум, оқырмандар,
Сыбанып түрейінші білекті енді.
Көздің майын тауыстың айтыс қарап,
Қошеметін ақынға үдетті енді.
Ақпанда басталып ед осы айтыс,
Сәуірде сөз алатын рет келді.
Біздер жаққа гүл көктем кеш келеді,
Талай аяз, суықты мың өткерді.
Салқын қабақ танытып қайтемін мен,
Маздатайын оттай ғып жыр өткелді.
Жалынды жырларымды ала келдім,
Жылытуға жауған жүректерді.

Жан едім басқалармен егеспеген,
Қошеметін елімнің мен ескерем.
Астанам жайлы бірер сөз айтайын,
Елорда ғып түзеген ел, өскелең.
Бой түзеп қарт Есілдің жағасында,
Ертегі қаласындай елестеген.
Салынып биік-биік ғимараттар,
Көк аспанмен төбесі кеңесті ерен.
Ханшатыр, Бәйтеректей сәулеттерді
Көруге асығады көп өскелең.
Орын алған Сарыарқадай асқақ төрден
Жер үстінің жәннаты деп ескерем.
Мәңгілік еліміздің орталығы
Жаңғырып өркендеуде белеске ерен.
Астанам үйдің ерке баласындай,
Билігімді жүргізем деп өскен ең.
Ерке бала жиырмаға келсе дағы,
Ескегі ешқашанда кері еспеген.
Сый қылып ЭКСПО-дай шар әпердік,
Деген соң жеңісіңді ел ескерем.
Нұр-ағаның арқасы барлығы да,
Еңбегін еш елеусіз емес дер ем.
Астанам – алашымның абыройы,
Әлемнің небір жері теңеспеген.

Ақындар суырылып топқа кірді,
Жігіт ем білмейтұғын мақтануды.
Сөздің басын өзіне бұрайыншы,
Ұлсың ғой ала білген топтан үлгі.
Тойға келіп, тосылып қалдыңыз ба,
Байқадым өлең таппай отқаныңды.
Мына маған баста деп айтып едің,
Аға боп ұмытыпсың оқталуды.
Сен бұрын айтыс болса қалмаушы едің,
Атырып өлеңменен ақ таңыңды.
Жүлдесіз қайтпаушы едің үйіне сен,
Қайтарып жырыңменен көп қаруды.
Біз ақыры жолықтық жазба айтыста,
Айтыс болсын ендеше от жалынды.
Кезікпей жүрген маған әккі ұл едің,
Сабасына түсірейін сотқар ұлды.
Сералы, әлде айтысты қоямын деп,
Осылай шештің бе тоқтамыңды.
"Белге байлап қайтемін?" дедің бе әлде,
Көтере алмайтұғын шоқпарыңды.

Сералы Мырзабай:

"Танытып өзгелерден даралығын,
Қостанай жасап жатыр жаңалығын.
Мәдениет басқармасы ұйымдастырып,
Айтыстың жасауда екен жаңа қырын.
Тобыл-Торғай өңірінің ақындары
Айтысып, жырға қосар саланы мың.
Жазбаша жыр сайысқа үлес қоссам,
Өз мерейім үстем боп қалатұғын.
Ағайын, негізінде, бұл Сералы
Көп айтысқа шықпаған болатұғын.
Тәжірибе толысып түрмағасын,
Айып болмас, байқалса шалалығым.
Дегенмен бақ сынаған жөн ғой, тегі,
Өзіндік қалыптастырып дара ұғым.
Бісміллә, өз әлімше шауып көрем,
Жұртымның жырға қосып бар алыбын.

Тұнып тұрған сәтінде таңдай жырға,
Ұсынайық оқырманға балдай тұнба.
Ел ордам, еңселі кейпің бар-ау,
Өзіндік қалыптасқан дара тұлға.
Астана, арғымақтай арындай түс,
Жұрты да шын тұлпарын жаратуда.
Жиырма жылда қырандай қалықтадың,
Қайрылмасын деп тілейік қанатың да.
Сапар шегіп келіп жатқан қонақтарың
Астанаға тамсанумен таңы атуда.
Сәулетшілер сәндеумен айналысып,
Ажарыңды күн сайын жаңартуда.
Әр пенде нәпақасын тауып ішіп,
Бақ боп келген қаласың таландыға.
Сымбатыңды суреттеп өлең-жырмен,
Арқау болған қаласың бар ақынға.

Несіне жырларыңды шайқаладың,
Ойыңды шолақ деп мен айта аламын.
Айтысты бірінші бастау мәртебедей,
Қырдан асты сүйіншілеп айтар әнің.
Ұттым деген тұсың егер осы болса,
Ештеңе жоқ, есемді қайтарамын.
Алғаш бастау – алға шығу емес еді,
Одан еш озғандықты байқамадым.

Еркінғазы, танысым ең сен бұрыннан,
Айтыстағы айлаларың тең құрылған.
Балтасардай ақынның шәкіртісің,
Мақсатың болу керек елдік арман.
Арқалықта оқисың бұл күндері,
Арқаның қуат алып таң нұрынан.
Жан-жақты жарнама боп жүрген
жансың,
Өнердің өрісіне тың бұрылған.
Әндеріңді жариялап өзің айтқан,
Таратып әлексін сен сан қырынан.
"Табынушы" тауыпсың тез арада,
"Алаш баласы" – бұл күнде сендік ұран".

Еркінғазы Айтбаев:

Еркінге қошеметті қылыңыздар,
Байқалды Секең жақтан суық ызғар.
Аға жолын үлкен деп сыйлап отсам,
Сын айтып қатырады-ау мұныңыз дәл.
Ойымды шолақ деп сен шорт кестің-ау,
Сонымен түскендей ғой құныңыз дәл.
Есемді қайтарамын деп қояды,
Біздің де жауап берер тіліміз бар.
Сөз бастау мәртебе деп айтпап едім,
Нысанаға тимеді-ау жырыңыз дәл.
Көз десе құлақты айтып шатып отқан,
Сералыдай шатаққұмар ұлыңыз бар.
Сералы-ау, мына саған шаш ал десе,
Басымызды алатын түріңіз бар.
Кезек ап, кел, екеуміз алмасайық,
Жақсы айтыс жасауға қам жасайық.
Жарнамашыл дедің ғой мына маған,
Ал енді ұтымды оймен дәл басайық.
Бұл күнде талантсыздар танылып жүр,
Жарнама еткен соларға жармасайық.
Қолға алып шын өнерді танытпасам,
Қалайша шын өрен боп жалғасайық.
Алаш деп өткен кеше Ахаң, Жақаң,
Сол дүрлер салып кеткен жолды
ашайық.
Мағжан сенген жастарың біз емес пе,
Сенімін тастамайық шаңға шайып.
Бәріміз бір Алаштың баласымыз,
Болашақтың дәптерін мәнді ашайық.
Шын өнерге жанашыр болып жүрмін,
Өнер жалған болса, неге арбасайық?
Бабалары бастаған даңғыл жолды,
Балалары жалғаса болмас айып.
Бұл маған жырын қарсы жолдағасын,
Мен де бұның берейін зор бағасын.
Журналист мамандығын оқып жүрсің,
Бұлардың кей ісіне таңданасың.
Сол мамандық туралы сөз қозғайын,
Қадірі кеткен бе деп арланасың.
Әншілер мен әртістер орнын басты,
Шоу қылған ісін халық қолдағасын.
Көк жәшікті ашсаң да шыға келер,
Тілшілер алып жүрген зорға басын.
Боқауыз айта берер емін-еркін,
Ютубта канал ашты, таң қаласың.
Тасбақалар шығам деп тау басына,
Елге бүлік қып жатса, толғанасың.
Әйтеуір айтатыны – өсек-аяң,
Не боп жатса, сұғады сонда басын.
Өмірі қызық па әлде біреулердің,
Істейтін жұмыстары болмағасын?

Сералы Мырзабай:

Мен үшін өз орының бар қашанда,
Демессің маған көңілің тар қашанда.
Батырып айтып жатсам ашуланып,
Еркінғазы ағасынан алты асар ма?
"Бас салатын түрің бар" деп қояды,
Шындық айту айып па, қалқам, сонда?
Сәл сынымды көтере алмай қалып,
Сылтау тапты-ау жағамызға жармасарға.
Ақын деген атың бар, Еркін бала,
Сынақ пен сынға сынба тарқасарда!
Қазағым дана халық, білесің ғой,
Астарлы сөзді ұққайсың әрқашанда.
Қалайша сөздеріңе бос қарайсың?
Сен өзі ойлап отсың басқалай шын.
Журналистер боқ ауыз сөйлейді деп,
Жаман жақтың есігін ашпағайсың.
Бір-екі әншісымақты көріп қалып,
Қаралап тілшілерді ластады-ай шын.
Ішінде жүрмегесін сөйлейсің-ау,
Бәрін біліп отырған қасқадай шын.
Журналистің бір күнін көзбен көрсең,
Сен мұңыңды шағар ең басқалай шын.
Газет-журнал, теледидар мақұрым деп,
Мамандыққа топырақ шашпағайсың.

Өзің отқан бұтағыңды аралама,
Еркін бала, БАҚ өкілін қаралама.
Ахмет "Қазақ" газетін өркендетті,
Сен оны жоққа шығарып, алалама.
Бейімбет "Ауыл" газетін жандандырды,
Үлгі алсай зор істерін бағала да.
Сералиндер серпіліс жасап еді,
"Қостанай таңы" гезетіне қара, бала.
Ең алғашқы журналист қыз Нәзипа апа,
Торғайдан шықпап па еді даралана.
"Қостанай" телеарнасы жақсы болды,
Барын берер қартқа да, балаға да.
Осы газет, телеарналар өз ойынша,
Бос қызмет жасап жүр ме, ада бала?
Бар тілшінің жұмысын жоққа балап,
Бір-екі шоуға бола табалама.

Еркінғазы Айтбаев:

Жаратқан берер болса тілге медет,
Біздерге осындай сәт күнде керек.
"Рухани жаңғырудан" жаңалық көп,
Біз де одан қалыс қап жүрмеген ек.
Кейкідей бабамыздың басын әкеп,
Көнені жаңғыртқаны мүлде бөлек.
Ахмет, Ғабит, Ғафу, Қасымдарды,
Жастарым жүр емес пе жырға бөлеп.
Жыл сайын айтыс өтіп Арқалықта,
Ақындар жиналады іргеме кеп.
Рухани жаңғыруды "жаңғыру" деп,
Дұрыс жағын түсінген жүлдегер ек.
Әйтпесе қазір бәрі дабырлап жүр,
Қорқасың айтуға да бірдеңе деп.
Біз енді заманауи боламыз деп,
Оранар үлде менен бүлдеге көп.
Рухани жаңғыруды "қаңғыру" деп,
Шарқ ұрып жүр кей жастар үндеме деп.
Көненді өзіміз кеп жаңғыртпасақ,
Сералы-ау, өткеніміз кімге керек.
Ағайын, енді несін ақтарамын,
Несіне жалған сөйлеп ақталамын?
Екеуміз айтыстағы соңғы жұппыз,
Финалға кім өтері хаққа мәлім.
Сералы-ау, осыменен тарқасайық,
Өзіңдей ағамменен мақтанамын.
Сералиндер жасаған серпілісті,
Жаңғыртып өркендетсең, шаттанамын.
Кешегі өткен Ахмет, Бейімбеттей,
Жырға бөле өмірдің ақ парағын.
Еліңе өле-өлгенше қызмет ет,
Жақсылыққа толсыншы хат-хабарың.
Ел аман, жұртым тыныш болсын деймін,
Қыздарың кірлетпесін аппақ арын.
Бабалар аманат қып тастап кеткен,
Тілің мен дінің болсын сақтағаның.
Қазағым, менің саған тілейтінім,
Ешқашан қайғы-мұңның татпа дәмін.

Сералы Мырзабай:

Ауыздан тастамастан Астананы,
Шарықтап тұр бүгінде жастар әні.
Елбасы жастарға көп дем беруде,
Жол бастап болашаққа асқаралы.
Жоспарлар жасалуда жайлап, міне,
Мекендеген халық үшін бас қаланы.
Үйсіз-күйсіз жүрсе де жас отбасы,
Алайда тастамады тас қаланы.
Үйден үйге көшумен ұлы өсіп,
Қызы тұрмыс құратын жаста, әні.
Жақында Елбасы үндеу тастап,
Жасады әлеуметтік бес бастаманы.
Біріншісі тұрғын үй жайлы еді,
Мерейді үстем қылып тастағаны.
Бастаманы бастап алып тастап кетпей,
Жөн еді қадір-құттың қашпағаны.
Тілерім 20 жылдық қарсаңында
Болсыншы әр отбасы баспаналы!

Өлең – сөздің патшасы

Қостанай қаласындағы №115 орта мектебінің базасында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті насихаттауды жандандыру, талантты жастарды табу мақсатында Абай атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің облыстық байқауы өткізілді.

Байқауға 17-29 жас аралығындағы талапкерлер, жоғары және арнайы оқу орындарының студенттері, басқарма қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты.

Байқауды салтанатты түрде ашу үшін Абайдың 300 өлеңін жатқа білетін, Абай атындағы республикалық байқаудың жүлдегері Татьяна Ситникова қатысушылардың алдында сөз сөйлеп, барлық сайыскерлерге өзінің жеңісті жолын жалғастыруға шақырды.

Сайыстың бірінші кезеңінде қатысушылар қазақтың белгілі жазушыларының прозалық шығармаларынан, мұнан соң Мағжан Жұмабаевтың поэзиялық шығармаларынан үзінді оқылды.

Нәтижесінде жүлделі I орынға Аружан Жұмабек ие болды. Ол Қостанай қаласының атынан қатысты. Ал II орынға әулиекөлдік Айдос Оспанов жайғасты. Ұзынкөл ауданынан келген Рысбек Дастан үздік үштікті қорытындылады. Жеңімпаздар дипломдармен, сертификаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Байқау жеңімпазы Солтүстік Қазақстан облысында тамыз айында өтетін республикалық байқауда Қостанай облысының намысын қорғайтын болады.

Бақытгүл СҮЛЕЙМЕНОВА,
облыстық тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы.

ТАҒЫЛЫМ

Білікті басшы болған

Тәрбие адамның бойына ең алдымен ананың ақ сүтімен беріледі. Өз баласын бағып-қағуда ана өзінөзі ұмытып, барлық күш-жігерін перзентіне жұмсайды. Бар мейірімін төгеді. Ананың бала тәрбиесіндегі орасан зор еңбегін бағалай білген халқымыз "Ана бір қолымен әлемді, енді бір қолымен бесік тербетеді" деп құрметтеген. Ауыл-аймаққа үлгі, ұрпағына ұйытқы болған аяулы аналарымыздың бірі – Несібелді Қожабаева туралы мақаламызда сыр шертпекпіз.

Несібелді апамыз Үрпек ауылының тұрғыны. Тек тұрғыны ғана емес, кезінде сол ауылдың мүддесі үшін қызмет жасаған абзал жан. Жиырма жылға тарта қызмет басқармасында еңбек етсе, 1970-1996 жылдар аралығында ауылдың әкімі болып жұмыс істеді. Ауыр тұрмысқа шыдас бермеген халық тіршілік нәрін іздеп, жаппай қалаға көше бастаған жылдар естеріңізде шығар. Міне, сол жылдары елдің іргесін сөгілтпей сақтап қалуға өз үлесін қосқан абзал ана Несібелді Қожабаева болатын.

Елді басқару үлкен жауапкершілікті қажет ететін іс екенін білсек те, сол қызметтің қиындығын ескере бермейміз. Апамыз осындай қызметте жүрсе де дүниеге өрімдей бес баланы әкеліп, бәрін оқытты. Әр қайсысына жоғары білім алуға мүмкіндік жасады. Бүгінде ұл-қыздары өз орталарында беделге ие болып, өз орындарын тапқан. Мысалға, Ербол есімді ұлы аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет етсе, Нұрболы "Алтын дала" бөлімінің қызметкері. Үкілеп өсірген қыздары да өзге үйдің түтінің түтетіп, дүниеге сәби әкеліп, өздері де ана атанып отыр.

– Қыз бала анасына қарап өседі. Қыздарымның бәрі менің тәрбиемді алған. Инабатты, орнымен сөйлейді, – деп балалары туралы айтқанда Несібелді апамыздың жүзі ерекше нұрланып сала береді. Сірә, балаларының тәрбиелі болып өскеніне ана жүрегі елжірейді-ау. Кез келген ата-ана өз балаларының жетістігін айтудан жалықпай, мақтана да, шаттана да алуы керек. Ананың бойындағы осындай сенімділікті Несібелді апамыздың әр сөзінен байқадым.

– Отбасының ұйытқысы тікелей анаға байланысты. Балаға тәрбие беруде бірінші рөл атқаратын – ана. Әкенің рөлі бір бөлек. Өзім қызмет істедім деген жоқпын, жұмыстың сыртында, бала тәрбиесін бірге алып жүрдім. Ауылда әкім болып, басшылық қызметті атқарсам да, үйде ормалымды тартып, сиырымды сауып, қонағымды күтіп, бәрін өзім істейтінмін. Біздер қазіргідей адам жұмсаған да жоқпыз. Балаларымызды өзіміз тәрбиелеп, білім бердік. Жаңа түскен келіннің отбасына сіңіп, жақсы болып кетуі де енеге байланысты. Тату-тәтті отбасы дегеніміз тәрбиеден басталады, – дейді аяулы ана.

Несібелді апайдың әңгімесін тыңдай отырып "Дүниеде не жақсылық болса, соның бәрі ананың ақ сүті мен күннің нұрынан жаралған" деген есті сөз еріксіз еске түседі.

Би-Фатима ЕРАЛХАНҚЫЗЫ,
Жаңа ауыл орта мектебінің 8 "Ә" сынып оқушысы.
Үрпек ауылы.

Қостанай облысының МАЭ сотының 17.05.2018 жылғы үйғарымы негізінде "Стройметсервис-2007 " ЖШС қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мына мекенжайға хабарласуға болады: Қостанай қ., Байтұрсынов көш., 70.

Определением СМЭ суда Костанайской области от 17.05.2018. возбуждено гражданское дело о применении процедуры реабилитации в отношении ТОО "Стройметсервис-2007". Обращаться по адресу: г. Костанай, ул. Байтурсынова, 70.

Приложение 2 к приказу Министра финансов Республики Казахстан от 28 июня 2017 года №404
Форма

БУХГАЛТЕРСКИЙ БАЛАНС
отчетный период 2017 г.

Индекс: № 1 - Б (баланс)
Периодичность: годовая
Представляют: организации публичного интереса по результатам финансового года
Куда представляется: в депозитарий финансовой отчетности в электронном формате посредством программного обеспечения
Срок представления: ежегодно не позднее 31 августа года, следующего за отчетным

Наименование организации Акционерное общество "Костанайский мелькомбинат" по состоянию на 31 декабря 2017 года

тысячах тенге

АКТИВЫ	Код строки	На конец отчетного периода	На начало отчетного периода
1	2	3	4
I. Краткосрочные активы			
Денежные средства и их эквиваленты	010	1 594 450	1 268 212
Финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи	011	0	0
Производные финансовые инструменты	012	0	0
Финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли и убытки	013	0	0
Финансовые активы, удерживаемые до погашения	014	0	0
Прочие краткосрочные финансовые активы	015	0	362 963
Краткосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	016	542 614	380 838
Текущий подоходный налог	017	24 794	20 778
Запасы	018	663 066	534 001
Прочие краткосрочные активы	019	35 843	8 215
Итого краткосрочных активов (сумма строк с 010 по 019)	100	2 860 767	2 575 007
Активы (или выбывающие группы), предназначенные для продажи	101	0	0
II. Долгосрочные активы			
Финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи	110	0	0
Производные финансовые инструменты	111	0	0
Финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли и убытки	112	0	0
Финансовые активы, удерживаемые до погашения	113	0	0
Прочие долгосрочные финансовые активы	114	0	0
Долгосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	115	0	0
Инвестиции, учитываемые методом долевого участия	116	0	0
Инвестиционное имущество	117	0	0
Основные средства	118	970 424	1 166 679
Биологические активы	119	0	0
Разведочные и оценочные активы	120	0	0
Нематериальные активы	121	1 227	1 784
Отложенные налоговые активы	122	0	0
Прочие долгосрочные активы	123	0	0
Итого долгосрочных активов (сумма строк с 110 по 123)	200	971 651	1 168 463
БАЛАНС (строка 100 + строка 101 + строка 200)		3 832 418	3 743 470

тысячах тенге

ОБЯЗАТЕЛЬСТВО И КАПИТАЛ	Код строки	На конец отчетного периода	На начало отчетного периода
1	2	3	4
III. Краткосрочные обязательства			
Займы	210	1 850 000	1 602 150
Производные финансовые инструменты	211	0	0
Прочие краткосрочные финансовые обязательства	212	0	1 271
Краткосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	213	233 992	386 310
Краткосрочные резервы	214	18 809	12 680
Текущие налоговые обязательства по подоходному налогу	215	15 059	0
Вознаграждения работникам	216	18 351	15 873
Прочие краткосрочные обязательства	217	24 328	20 310
Итого краткосрочных обязательств (сумма строк с 210 по 217)	300	2 160 539	2 038 594
Обязательства выбывающих групп, предназначенных для продажи	301	0	0
IV. Долгосрочные обязательства			
Займы	310	0	0
Производные финансовые инструменты	311	0	0
Прочие долгосрочные финансовые обязательства	312	2 452 595	3 097 930
Долгосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	313	0	0
Долгосрочные резервы	314	0	0
Отложенные налоговые обязательства	315	162	1 194
Прочие долгосрочные обязательства	316	0	0
Итого долгосрочных обязательств (сумма строк с 310 по 316)	400	2 452 757	3 099 124
V. Капитал			
Уставный (акционерный) капитал	410	70 515	70 515
Эмиссионный доход	411	0	0
Выкупленные собственные долевые инструменты	412	0	0
Резервы	413	0	0
Нераспределенная прибыль (непокрытый убыток)	414	-851 393	-1 464 763
Итого капитал, относимый на собственников материнской организации (сумма строк с 410 по 414)	420	-780 878	-1 394 248
Доля неконтролирующих собственников	421	0	0
Всего капитал (строка 420 +/- строка 421)	500	-780 878	-1 394 248
БАЛАНС (строка 300 + строка 301 + строка 400 + строка 500)		3 832 418	3 743 470

Руководитель: Микетка А.Р.
(фамилия, имя, отчество) (подпись)
Главный бухгалтер: Игонина Т.П.
(фамилия, имя, отчество) (подпись)
Место печати

Приложение 3 к приказу Министра финансов Республики Казахстан от 28 июня 2017 года № 404
Форма

ОТЧЕТ О ПРИБЫЛЯХ И УБЫТКАХ ОТЧЕТНЫЙ ПЕРИОД 2017 г.

Индекс: №2 - ОПУ
Периодичность: годовая
Представляют: организации публичного интереса по результатам финансового года
Куда представляется: депозитарий финансовой отчетности в электронном формате посредством программного обеспечения
Срок представления: ежегодно не позднее 31 августа года, следующего за отчетным

Наименование организации Акционерное общество "Костанайский мелькомбинат"
за год, заканчивающийся 31 декабря 2017 года
тысячах тенге

Наименование показателей	Код строки	За отчетный период	За предыдущий период
1	2	3	4
Выручка	010	5 169 892	5 038 370
Себестоимость реализованных товаров и услуг	011	4 019 652	4 199 758
Валовая прибыль (строка 010 – строка 011)	**012**	**1 150 240**	**838 612**
Расходы по реализации	013	336 870	67 393
Административные расходы	014	212 055	192 515
Прочие расходы	015	524 555	608 442
Прочие доходы	016	607 744	871 816
Итого операционная прибыль (убыток) (+/- строки с 012 по 016)	**020**	**684 504**	**842 078**
Доходы по финансированию	021	67 185	0
Расходы по финансированию	022	117 121	63 551
Доля организации в прибыли (убытке) ассоциированных организаций и совместной деятельности, учитываемых по методу долевого участия	023	0	0
Прочие неоперационные доходы	024	0	0
Прочие неоперационные расходы	025	0	0
Прибыль (убыток) до налогообложения (+/- строки с 020 по 025)	**100**	**634 568**	**778 527**
Расходы по подоходному налогу	101	21 198	-5 415
Прибыль (убыток) после налогообложения от продолжающейся деятельности (строка 100 – строка 101)	**200**	**613 370**	**783 942**
Прибыль (убыток) после налогообложения от прекращенной деятельности	201	0	0
Прибыль за год (строка 200 + строка 201) относимая на:	300	613 370	783 942
собственников материнской организации		0	0
долю неконтролирующих собственников		0	0
Прочая совокупная прибыль, всего (сумма строк с 410 по 420):	400	0	0
в том числе:			
Переоценка основных средств	410	0	0
Переоценка финансовых активов, имеющихся в наличии для продажи	411	0	0
Доля в прочей совокупной прибыли (убытке) ассоциированных организаций и совместной деятельности, учитываемых по методу долевого участия	412	0	0
Актуарные прибыли (убытки) по пенсионным обязательствам	413	0	0
Эффект изменения в ставке подоходного налога на отсроченный налог дочерних организаций	414	0	0
Хеджирование денежных потоков	415	0	0
Курсовая разница по инвестициям в зарубежные организации	416	0	0
Хеджирование чистых инвестиций в зарубежные операции	417	0	0
Прочие компоненты прочей совокупной прибыли	418	0	0
Корректировка при реклассификации в составе прибыли (убытка)	419	0	0
Налоговый эффект компонентов прочей совокупной прибыли	420	0	0
Общая совокупная прибыль (строка 300 + строка 400)	**500**	**613 370**	**783 942**

тысячах тенге

Наименование показателей	Код строки	За отчетный период	За предыдущий период
1	2	3	4
Общая совокупная прибыль относимая на:		0	0
собственников материнской организации		0	0
доля неконтролирующих собственников		0	0
Прибыль на акцию:	600	0	0
в том числе:			
Базовая прибыль на акцию:		0	0
от продолжающейся деятельности		0	0
от прекращенной деятельности		0	0
Разводненная прибыль на акцию:		0	0
от продолжающейся деятельности		0	0
от прекращенной деятельности		0	0

Руководитель: Микетка А.Р.
(фамилия, имя, отчество) (подпись)
Главный бухгалтер: Игонина Т.П.
(фамилия, имя, отчество) (подпись)
Место печати

"Буга Павел Иванович" шаруа қожалығының сенімді тұлғасы – Кенжебаев Берик Шакиржанович кепілдік мүлікті сот қарауынан тыс өткізу тәртібінде Қостанай облысы, Науырзым ауданы, Буревестник селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік нөмірі 12-186-016-334, кадастрлік № 12-186-016-332, кадастрлік №12-186-016-333 жер учаскелеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілетін күні енгізіледі. Сауда 2018 жылғы 4 маусым 10.00 сағатта мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Науырзым ауданы, Қарамеңді а., Шаяхметов к., 4 үй, "Самрык" ш/қ кеңсесінде.

Өтінімдер 2018 жылғы 3 маусым 18-00 сағатқа дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Науырзым ауданы, Қарамеңді а., М.Сүгүрұлы көшесі, 18 үй,1 пәтер. Телефон 8-777-706-04-02

Доверенное лицо крестьянского хозяйства "Буга Павел Иванович" – Кенжебаев Берик Шакиржанович в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже право временного возмездного (долгосрочного, краткосрочного) землепользования (аренды) на земельный участок с кадастровым № 12-186-016-334, право временного возмездного (долгосрочного, краткосрочного) землепользования (аренды) на земельный участок с кадастровым № 12-186-016-332, право временного возмездного (долгосрочного, краткосрочного) землепользования (аренды) на земельный участок с кадастровым № 12-186-016-333, для ведения крестьянского хозяйства, расположенные на территории Буревестнинского сельского округа, Наурзумского района.

Покупная цена вносится наличными деньгами в день проведения торгов.

Торги состоятся 4 июня 2018 года в 10.00 часов по адресу: Костанайская область, Наурзумский район, с. Караменды, ул. Шаяхметова, дом 4, в здании конторы к/х "Самрык".

Заявки принимаются в срок до 3 июня 2018 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, Наурзумский район, село Караменды, улица М.Сугурулы, 18 кв. 1. Телефон 8-777-706-04-02.

Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2009 жылғы 16 қаңтардағы №14 "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер және толықтыру енгізу туралы" қаулысының жобасы http//www.kostanay.gov.kz сайтында орналастырылды.

Проект постановления акимата Костанайской области "О внесении изменений и дополнения в постановление акимата от 16 января 2009 года №14 "Об утверждении перечня рыбохозяйственных водоемов местного значения" размещен на сайте: http//www.kostanay.gov.kz

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Құралайдың салқыны

«Бес қонақ» өткен соң, мамыр айының шамамен он төрті және жиырма сегізі аралығында 2-3 күнге ғана соғылатын қатты желді халық даналары «Құралай салқыны» дейді. Ақсақалдар айтуынша, оның дәл бұлай айтылу себебі, осы уақытта киіктер лақтап, құралайын суық жерден тұрғызып жүгіртеді. Киіктердің төлдер кезі, желге қарсы жүгірген жағдайда ғана олар төлдеуге қабілетті болады екен. Олардың төлдері аптап ыстыққа шыдамайды, сол үшін жылда көктемнің үшінші айы мамырдың аяғына қарай табиғаттың тылсым күшімен қатты суық жел тұрады. Киіктердің төлдеуі екі-үш күнге ғана созылады. Бір ғажабы киік қанша көп болса да, «құралай салқыны» кезеңінде төлдеп үлгіреді. Сондықтан, одан ары жаз толықтай күшіне енеді екен.

Құралай салқынының тағы бір қызығы, етке сондай құмар дала жыртқышы дәл осы уақытта тәбеті қашып, етке жақындай алмай қалады екен. Ал бұл сәтте ақбөкендер жаппай төлдеп, құралайлары аяғынан тұрып кеткен кезде ғана қасқырға етке деген тәбеті қайта оралады...

Әлқисса, Адам ата жерге түскен соң барлық жан-жануар ұлық Алланың орынбасарын көруге ынтық болыпты. Сол кезде ең алғаш Адам атаны көрген ақбөкен екен деседі. Ол «Алланың халифасы жерге түсті» дегенді естігенде қазақ даласынан Жидда тауына қарай желіп отырыпты. Ол кезде Адам ата мен Хауа ана Жидда тауының етегінде үй салып, тіршілік кешіп жатыр екен.

Ақбөкен ұзақ жол жүріп, шаршап-шалдығып, Адам атаның тұрағына жеткенде құлап түседі. Адам оны көтеріп алып, үйіне әкеледі де оған інжірдің жапырағын беріп асырапты. Адам ата мейірленіп оның тұмсығынан сипағанды жақсы көреді екен. Пайғамбардың қолы тигендіктен, ақбөкеннің тұмсығы өзге аңдардан ерекше, сұлу болып бітіпті. Арқасынан сипағанда, денесінен хош иіс шығыпты. Аяғынан сипағанда тұяғына қасиет бітіпті. Қуса жеткізбейтін жүйрік жануарға айналыпты. Тұяғы мың бір ауруға ем болыпты. Көзінен өпкенде жанарына көрік бітіп, сұлу жануарға айналып шыға келіпті. Мүйізінен ұстағанда оған да шипалық қасиет дарыпты. Пайғамбардың алақаны беліне тигенде, буаз кезінде іштегі елігінің жынысын қалауына қарай өзгерте алатын болыпты.

Ақбөкеннің арнайы келісіне риза болған Адам ата:

– Жануарым, мен саған ризамын. Бұйымтайың болса айт. Мейірімді Алладан дұға етіп, бір мұқтаждығыңды өтейін, – дейді. Сонда ақбөкен:

– Төлдегенде құралайым шыбын-шіркейге жем болады. Одан қалса, қасқыр шабады. Даланың шөбі төлдерге ауырлық етіп, қоң жинай алмайды. Осы қиындықтан құтқарсаң, – депті. Адам ата Аллаға ақбөкеннің арызын жеткізіп, қиындықтан құтқарыпты. Содан бастап, Алланың әмірімен киіктер төлдейтін кезде бетбақдалада шыбын-шіркейді шығартпайтын суық болады екен. Мұны қазақта «құралайдың салқыны» деп атайды. Ұлық Алла сол уақытта қасқырдың киікке деген тәбетін тыяды. Құралайлар көшке ілескенше қасқырлар оларға жақындай алмайды. Жас киікке арнап далада түйетабан деген шөп шығарады. Ол тек ақбөкен төлдейтін кезде ғана көгеріп, көктеп, кішкене лақтарға азық болады екен.

Ақбөкен Ұлық Алланың халифасын көріп, қолынан жем жеп, мақсаты орындалған соң бетбақдалаға қайтпақшы болады. Сол кезде Адам ата оған:

Сахараға сән болып,
Құт пен кие, мән қонып.
Өсіп-өнсін нәсілің,
Бір Құдайым жар болып,
Аллам өзі қолдасын,
Бар бәледен қорғасын.
Саған зауал келтірген
Ешқашан да оңбасын.
Сайын түзден тап мекен,
Басқа орнасын бақ бекем.
Қу медиен түздерге
Ырыс дарыт, ақбөкен, – деп батасын береді. Содан бастап киікке кие бітіп, қасиетті түз тағысы саналыпты. Оны нақақ өлтірген адам Адам атаның қарғысына ұшырайды деген түсінік бар.

Діни қиссаларда Адам ата жерге түскен кезде пейіштен інжірдің бес жапырағын алып түскен екен. Сол жапырақтың біреуін бал арасы, біреуін жібек құрты, біреуін киік жеген деп айтылады. Қалған екеуін Адам ата жерге егіпті. Киік пейіштің жемісін жегендіктен киелі аңға айналыпты.

Ел аузында өте көп айтылатын аңыздардың бірінде Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар киікті құтқарамын деп жанын құрбан етіпті.

Бірде киік аңшының құрған торына түсіп қалыпты. Киіктің мүшкіл жайын пайғамбар намаз оқып отырып көреді. Дереу атына мініп, аңшының тұзағына барыпты. Қараса, аңшы олжасын бауыздайын деп жатыр екен. Пайғамбар аңшыға:

– Киікті босатып, менің жанымды ал. Құрбаның болайын, тек өлтіре көрме, – деп алдына бас ұрады. Аңшы пайғамбардың мейірім-шапағатына риза болып, киікті босатып жібереді.

Ел арасында «киікті нақақ өлтірме», «киікке Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар араша болған», «киік үшін пайғамбар жан берген» деген насихат кең тараған. Киікті өлтірсе Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың наласы ұрады деген де сенім бар...

(Ғаламтордан).

Көктем көріністері

Суреттерді түсірген Б.АХМЕТБЕКОВ.

Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор ЖАНҰЗАҚ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44.
Жауапты хатшы: 54-67-65.
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68.
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21,39-26-25.
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.
Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10016. Тапсырыс 920. Нөмірдің кезекші редакторы Ш.ҚОҢҚАБАЙ.